

Оңтүстік Қазақстан облысы  
Қазығұрт ауданы  
«Айболған» бөбекжәй балабақшасы

«Бекітемін»  
«Айболған» бөбекжәй  
балабақшасының меңгерушісі  
Естауова Б.  
« » 2018 ж.

# Музыка оқу қызметіне ұйымдастырылған Технологиялық картасы

Музыка жетекшісі: Жумашова Н.К.

2018-2019 оқу жылы



The illustration features a bright yellow sun with a smiling face and rosy cheeks in the top left corner. A zigzag line extends from the sun across the top and down the right side of the page. In the top right, a purple and blue butterfly is shown. On the left side, a colorful butterfly with orange, green, and purple wings is flying. In the bottom right, a cute orange fox with a white chest and a blue bow on its tail is sitting in a field of green grass and flowers. A red butterfly with yellow spots is flying near the fox. The background is a light blue sky with white clouds. The text is centered in the white space.

**«Балауса»  
ортаңғы тобы**

## Қыркүйек айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

### Тараудың тақырыбы: «Біздің балабақша»

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Тату доспыз бәріміз	2	Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуенарқылы көңіл күйді көретуге тарту. Әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын қалыптастыру.	«Менің досым» - балалардың суреттерінен көрме ұйымдастыру.
2	Балдырғандар әні	2	Балаларды Отанын, жерін сүйюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. Әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасауға талпындыру.	Балабақша өмірінен суреттер.
3	Кел, билейік	2	Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.	Ұлттық көйлекпен билеп жүрген қыздың суреті.

## Қазан айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

### Тараудың тақырыбы: «Алтан күз»

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Күз жомарт	2	Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.	Бейнетаспа, опера үзінділері, ұнтаспа, желпуіш.
2	Күзгі орман	2	Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлармен таныстыру. Күз туралы әңгімелесу, әңгіме құрастыру.	Қуыршақтар, Аю, Түлкі, Тиін, әже, үстел үсті, ширма, текшелер, бұлтты күн, құбылмалы күн.
3	Күз байлығы	2	Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. Әнді суретке қарап есте сақтауға баулу. Сюжеттік рөлдерде ойнауды меңгерту.	«Жеміс бағы» суреті, күз жемістері, қоңыраулар.

## Қараша айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

### Тараудың тақырыбы: «Туған жер»

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Атамның киіз үйі	2	Әуенді соңына дейін тыңдауға, тыныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру.	Жайлаудың, киіз үйдің суреттері, домбыра аспабы.
2	Біздің Алматы	2	Әуеннің ырғақ екпінін сеіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.	«Алматым» атты сурет көрмесі немесе слайд, троллейбус мекеті.
3	Менің Отаным	2	Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сеіну арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу. Алдын ала туған жер, қалалар, ауыл туралы әңгімелесу.	Қалалардың көрнекті жерлерінің, еліміздің сұлу табиғатының көрінісін бейнелейтін суреттер, слайдтар. Түрлі түсті жалашалар.

## Желтоқсан айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

### Тараудың тақырыбы: «Айнала ақша қар»

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Қыс өрнегі	2	Әнді сезіммен, нақышына келтіре айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, есте сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру.	«Қысқы ойындар» суреті, маракас, бубен, барабан, қоңырау аспаптары.
2	Қазақстан-кең-байтақ елім	2	Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру. Дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.	Қазақстан рәміздерінің суреттері, сәулетті қалалар суреттері немесе слайд, паровоз, пойыз макеттері.
3	Жасыл шырша жанында	2	Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуенсипатын анықтай білуге баулу. Аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.	Кішкентай шыршалар, үшбұрыш, металлофон аспаптары, таяқшаға бекітілген жылтырақ әшекейлер, шырша ойыншықтары.
4	Қысқы әуен	1	Түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, шағармашылыққа баулу, би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру.	Ұлдар санына аю атрибуттары, қыздар санына сәйкес қоян атрибуттары, ойыншық Аяз ата, кішкентай шырша, шығыршықтар.

## Қаңтар айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

### Тараудың тақырыбы: «Көңілді театр»

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Ақтөс пен Марғау	2	Музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. Дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету. Музыкалық шығармаға би ырғақтарын келтіре билеуге талпындыру.	Театр сахнасы, қуыршақтар.
2	Әуенді сиқырлы ормандағы құртақандар	2	Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу. Музыка әуені сай билеуді, ырғақпен шапалақ қағуды, аяқ топылдатуды меігерту.	Жұмсақ ойыншықтар, қуыршақ құртақан, музыкалық аспаптар: үшбұрыш, бубен, маракас, металлофон, сандықша, үлкен қар, кішкентай шырша.
3	Қыс қызығы	2	Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу, әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу. Текшемен жұмыс жасауды үйрету.	Ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш, қыс көрінісі бейнеленген сурет.

## Ақпан айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

### Тараудың тақырыбы: «Отбасы»

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Біздің атай	2	Кү көзінің жылуындай ө бойларындағы жылуды әнмен жеткізе білуге үйрету, әнді ынтамен айтуға баулу. Ата туралы, үй жануары жылқының төлі құлыншақ туралы түсінік беру.	Отбасы мүшелерінің суреті. Атжарыс, көкпар тарту суреті, құлыншақтың суреті.
2	Бесік жыры	2	Ата-анасын сыйлай, қастерлей ілуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету. Бесік жырының әуенін басқа әуендерден ажырата білуге үйрету.	Қуыршақ, қуыршақ төсегі.
3	Ағайынбыз бәріміз	2	Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. Үлкен-, салткіші қоңыраулардың даусын ажырата білуді, биге шақыру дағдыларын меңгерту.	Үлкен-кіші қоңыраулар, ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.

## Наурыз айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

### Тараудың тақырыбы: «Наурыз-көктем»

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Көктем	1	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру. Музыкалық шығармаларға эмоциялық қатынастарын дамыту. Ойынға белсене қатысуға талпындыру.	Көктем көріністерінің суреттері.
2	Наурыз	2	Балаларға наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт-дәстүрмен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру. Қазақтың би элементерін, әнді жеке және хормен орындау тәсілдерін қалыптастыру.	Наурыз мерекесі бейнеленген суреттер.
3	Наурызым, армысың!	2	Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Мерекелік көңіл күй сыйлай білуге үйрету. Мереке кезінде төс қағыстырып амандасуды, өкпе наздарды ұмыту керектігін түсіндіру.	Мерекелік дастархан, ұлттық тағамдар бейнеленген суреттер.

## Сәуір айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

### Тараудың тақырыбы: «Үй жануарлары»

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Орманға саяхат	2	Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: нәзік, сабырлы, көңілді де ойнақы, көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету. Шығарманы тыңдап, ырғаққа сай қимылдар жасауды меңгерту.	Ағаштар, билеп тұрған аюлар, вальс, марш ырғағымен тұрған қасқырлар, көңілді секірген қояндар. Тапсырмасы бар текшелер.
2	Жайлаудағы төлдер	2	Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. Музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды үйрету.	Бұзау, қозы, құлыншақ
3	Құстар дауысы	2	Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату, Әнді мәнерлеп айтқызуға талпындыру. Дидактикалық ойынды текше арқылы ажыратуды үйрету.	Құс пен оның балапанының суреттері.

## Мамыр айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

### Тараудың тақырыбы: «Саз әлемінде»

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Әуенді сандықша	2	Музыкаға қызығушулуғын арттыру, түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларына жыратуға баулу. Би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету.	Ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубендер, жұмсақ ойыншықтар, қуыршақтар.
2	Ауылдағы той	2	Әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге, дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру. Күйді мыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.	Ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнеленген ойыншық таяқша-ат.
3	Біздің оркестр	2	Шығарманы зейін қойып тыңдауға, аспап дыбыстарын ажырата білуге, ырғақпен ойнай білуге дағдыландыру. Оркестр туралы мағлұмат беріп, аспаптарда ойнау тәсілін үйрету, шығармашылыққа баулу.	Оркестр, дирижер суреттері, ұлттық музыкалық аспаптар.

Күні: Қыркүйек

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Тату доспыз бәріміз"

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.

Көрнекілік: "Менің досым" - балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастыру.

Сөздік жұмыс: Татулық, достық

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залында көңілді музыка қарсы алады. Амандасады. -Амансыңдар ма достарым? Сендерді кқргеніме қуаныштымын! Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын кез келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, балақай! - Балалар, бүгін жаңа оқу жылы басталды. Жастарын бір жасқа үлкейді. Енді сендер кішкене сәби емессіндер, ересек болдыңдар.	Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді, жүреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Біз бір-бірімізбен татуымыз, доспыз. Әрқашан бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, күні бойы біргеміз. Қазір ойналатын музыка не туралы, соны мұқият тыңдаңдар.	Музыканы ден қойып тыңдайды
Ән тыңдау	"Достық"м.ж. И. Нүсіпбаев, с.ж. Е Елубаев Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз, сондықтан бір-бірімізбен дос болуымыз керек.	Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралф түсініктерін жеткізуге тырысады.
Ән үйрену	"Тату доспыз бәріміз" (м.ж. Е. Меңдешев) - Ән айтар алдында ін айту ережелерін еске түсірейік. Денені тік ұстап, қолды тізенің үстіне қойып, дауысты қатты шығармай, бір-бірін тыңдап айту. Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталау. Музыкасымен айтқызу.	
Әуенді - ырғақты қимыл	"Серуендейміз білейміз" Балалар екі-екіден қол ұстастырып, еркін қимылмен серуендетіп жүргізу. Әуен өзгергенде бір-біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойып, аяқтарын топылдатқызу. Келесі әуенде қол ұстастырып, шырқөбелек айналдыру. Әуенді ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету.	Балалар музыка әуеніне ілесіп еркін жүреді, аяқтарын ырғаққа ілесе топылдатады. Қол ұстасып айналады.
Музыкалық аспапта ойнау		
Рефлексиялық- түзетушілік	Қорытындылау, балаларды мадақтау, көтермелеу.	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Әнді дұрыс түсіне білу, әуенге ілесе айта білу.

Нені игереді: татулық, достық түсініктері.

Нені біледі: әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

Күні: Кыркүйөк

Білім саласы: Шығармашылык

Тақырыбы: "Балдырғандар әні "

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекілік: балабақша өмірінен суреттер

Сөздік жұмыс: сайрандаймыз, әдептілік, батылдық.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады.  Сәлеметсіңдерме? Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінділер жасату (аяқты топылдату) <i>Балабақша бағында, Сайрандаймыз таңында. Нақ өзімдей бүлдіршін Достарым көп жанымда</i>	Балалар ызыбектеліп көңілді әуенмен музыкамен залға кіреді. Сәлеметсізбе!  Шаттық шеңберінде жылы лебіздерін айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды
Ұйымдастырушылық - ізденістік	- Балалар, сендер күнде таңертен қайда келесіңдер? - Балабақшада не істейсіңдер? -Балабақшада сендерге болу ұнай ма? -Балабақшада педагог апайларың өз аналарындай тамақтандырады, ертегі оқып береді, ән - би үйренесіңдер, әдепті, тәртіпті болуға баулиды. Өздеріне дос тауып, бірге ойнайсыңдар. Енді осы балабақша турады ән тыңдайық.	Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады
Ән тыңдау	"Балабақша" -Әнде не туралы айтылған? Өткен сабақта қандай ін айттық? Дұрыс, достық, татулық туралы айтқанбыз. Бірге жүрген достар бір-бірімізбен татумыз.	Балалар әнде не туралы екенін түсініп, көңілді айтуға тырысады.
Ән айту	"Балдырғандар" әні м.ж. Ш. Қалдаяқов, О. Әубәкіров. Алдымен ән айту ережелерін еске түсірейік. - Бұл әнде бақытты балалар туралы. Ән әрбір күннің құанышты екенін, балалар бақытты екенін жырлайды. Балалар қуанышты, бақытты болса, бақша да гүлдей жайнайды.әнді бп беремін. алаларға орынд	Әнді үйренеді
Әуенді қимыл - қозғалыс	"Өсарланып билеу" Балалар жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстасып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару. Әнді ести алуларын, соған сай қимыл жасай білулерін қадағалау.	
Музыкалық - дидактикалық ойындар		
Қорытындылау өзін - өзі бағалау.	Қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.

Нені игереді: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктер.

Нені біледі: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

Күні: Қыркүйек

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Кел билейік"

Білім көздері: Өн-күй

Мақсаты: Өн айта отырып, сол әннің мәтініне сай қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жатілдіру.

Көрнекілік: ұлттық көйлекпен би билеп жүрген қыдың суреті.

Сөздік жұмыс: жалығу, жабығу.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып музыка залына келген балаларды көңілді қарсы алу.</p> <p>Сәлеметсіңдерме? Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы ықыластарын, қолдарының жылуын беруін қадағалау.. <i>Армысың, асыл күн!</i> <i>Армысың, асыл жан!</i> <i>Армысың, көк аспан!</i> <i>Армысың, жер ана!</i> <i>Армысың, жан досым!</i> <i>Жылуыңа жылу қос,</i> <i>Міне, менің қолым бос.</i></p> <p>Аппақ көйлек киемін, Қос етегі бүрмелі. Қамзол кидім қынай бел, Толған ою-өрнекке. "Билесін" деп сұрайды ел, Өнерімді көрмекке.</p>	<p>Балалар марш музыкасымен ілесіп, аяқтарын нық баса отырып музыка залына келеді. Сәлеметсізбе!</p> <p>Бір-біріне тілек айтып, алақандарының жылуын береді. Жеңіл әуенмен аяқтарын жеңіл басып жүгіреді.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>- Балалар өленде не туралы айтылып отыр? Биді кім билейді. Теледидардан, түрлі концерттерден, өздеріңнің араларында бишілерді көріп жүрсіндер. Сәнді киім киіп, түрлі биді билейтін адамдарды биші дейді. Сендердің билегілерің келе ме?</p>	<p>Биші Би және биші туралы білгендерін айтады.</p>
Музыка тындау	<p>"Би" - музыканы ести отырып, қандай би билеуге болатынын көз алдарына елестеттіңдер ме? Ырғақпен алақанды соғуға, аяқты топылдатуға, атқа шапқан секілді шабуға болады.</p>	<p>Музыканы тыңдай отырып, бұл музыкаға қандай қимылдар жасауға болатынын айтуға тырысады.</p>
Өн үйрену	<p>"Кел, билейік" (Б. Байқадамов, М. Әлімбаев) - Бүгінгі үйренетін әніміз де биге байланысты. Бұл әнде баланың билемей отыған досын биге шақыратыны жайлы айтылады. Өнерпаз бала өнерін ата-анасы көріп риза болуын қалайды. Әнді мәтініне қарай отырдап беру, үйрету.</p>	<p>Әннің мәтінін үйреніп, әуенді қосылып айтады. Өн ырғағына сай қимылдар жасайды. Қайырмасында аяқты өкшеге, ұшына қойып, 3 рет топылдатады. Екінші шумағында бір-біріне қарап, қолдарын шапалайтайды. 3-4 қатарында бірге дөңгелене айналады. Әнді қосылып бірге айтады.</p>
Әуенді - ырғақты қимыл	<p>"Қосарланып билеуді" жалғастыру. 1 шумағында орындарында тұрып, әуенге қосылып ән айтуды ұсынады. Содан кейін биге үйретеді.</p>	
Рефлексиялық- түзетушілік	<p>Қорытындылау, балаларды бағалау, марапаттау.</p>	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: әуенді айта отырып қимыл жасай білуді.

Нені игереді: іркілмейік, жалығу деген сөздерді әнінің мағынасын сай айтуды.

Нені біледі: әуенге ілесе отырып ырғақпен қимылдар жасауды.

Күні: Қазан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Күз жомарт"

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау

Көрнекілік: бейнетаспа, опера үзінділері, ұнтаспа, желпуіш.

Сөздік жұмыс: көтеріңкі, бояу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Балаларды қарсы алу, амандасу.</p> <p>Сілеметсіңдер ме?</p> <p><b>Ән тыңдау</b> "Тамшылар" (М. Жәутіков) Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, жеңіл би ырғақтарына жаттықтырады, үйретеді. Би элементтеріне, өз орындарына тұруды қалыптастырады.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> <b>"Өз орныңды тап!"</b> Бұл ойын балаларды ойлау қабілеттеріне дағдыландырады, зейінін оятады. Балаларды зал бойымен жеке-жеке төрт қатарға тұрғызады, өз оындарын, кімнің артында, кімнің алдында екенін көріп алулары керек. Музыка әуені басталғанда балалар еркін ырғақтармен жүгіре билейді. Музыка тоқтап, "Өз орныңды тап" деп белгі бергенде, балалар алғашқы орындарына тұра қалуға үйренеді.</p> <p><b>"Жұбыңды тап"</b> Үш, төрт қатарға жұппен тұрғызылады, ойын әрі қарай дәл солай жалғастырылады.</p> <p><b>"Музыка бояулары"</b> балаларды музыка тембрі, ырғағы, мажор, минор ладтары мен ойын арқылы музыка бояуларын білуге баулимыз.</p>	<p>Балалар қатармен шеңбер бойымен жүреді Сәлеметсізбе! Балалар музыка ырғағымен секіруді, жүгіруді, жанымен, алға -артқа, аяқ ұшы қимылдарын жасауға талпынады.</p> <p>Шеңбер бойымен билеп жүгіреді, белгі берілгенде үйреткен орнына тұруға тырысады.</p> <p>Балалар еркін ойнауға тырысады. Өз орындарын сақтауға талпынады Өз жұптарын білуге, еске сақтауға үйрету.</p>
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	<p>Балаларға интерактивті тақта, шиырма арқылы би түрлерін көреді: вальс, полька, марш, қазақ билерін. Жанр түрлерін қайталап айтқызып үйрету. Балаларға музыканың әртүрлі бояулардан құралатын түсіндіру. Жоғары жіне төмен дыбыстар көтеріңкі және баяу қимылдарды сипаттайды.</p>	<p>Би түрлерін тамашалайды. Вальс, полька, марш, қазақ билерін айтуға талпынады. Педагогтің қолына қарап, оң қолмен жоғары-төмен, көтеріңкі-баяу жыттығуларын жасауға тырысады.</p>
<b>Музыка тыңдау</b>	<p>Е. Брусиловский "Би" М. Глинка "Полька"</p>	<p>Желпуіш түстерін көрсетуге тырысады.</p>

	Қазақтың халық әні "Қамажай" Балалардың қолына түрлі-түсті желпуіштер таратылады. Өте баяу музыка сары түс. Баяудан бірте-бірте көтеріледі - ақшыл жасыл. Көтеріңкі - жасыл Жоғары дыбыс - қызыл	Жоғары, төмен дыбыстарға арналған жаттығуды қайталайды.
Әуенді - ырғақты қимыл:	"Күз" жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды.	Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі
Ән үйрену:	"Бұл қай кезде болады? Күз" (Б. Ерзакович, Ш. Ахметов)	Әнді тыңдайды, үйренеді
Рефлексиялық- түзетушілік		

Күтілетін нәтиже:

Негіз білу керек:

Негіз игереді:

Негіз біледі:

Күні: Қазан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Күзгі орман"

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әр түрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру

Көрнекілік: қуыршақтар, аю, Тиін, Түлкі, Әже, үстел үсті, ширма, текшелер, бұлтты күн, құбылмалы күн.

Сөздік жұмыс: Саңырау құлақ тереміз, күз келді.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Балаларды "Қазақ маршы" шығармасымен қарсы алу.</p> <p>Шеңбер боймен жүруді, жүгіруді, жеңіл би ырғақтарын үйрену.</p> <p>"Күзгі орман" суретін балаларға көрсетіп, орманда қандай аңдардың мекендейтінін сұрау.</p> <p>-Өздерінің білетін аңдардың қимылын салып көрсетіндерші.</p> <p>-Балалар, бәріміз бірге күзгі орманға атарбаға отырып барайықшы: Атарбаға мінеміз, Күзгі орманға келеміз. Аңдарменен дос болып, Саңырау құлақ тереміз,- деп балаларды отырғызамын</p>	<p>Балалар әуенмен жүгіруді, би ырғақтарын қайталауды үйренеді.</p> <p>Балалар "Күзгі орман" суретіне қарап, орманда қандай аңдардың бар екенін айтады. Білетін аңдардың қимылдарын салып жүгіруге тырысады. Бәр-бәрәнәі артынан екеу-үшеу ден тұрып шауып жүгіреді. Сөзін қайталап, сол ырғақпен шауып жүруге тырысады.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік		
Ән тыңдау	<p>Балаларды музыка тыңдауға отырғызу, сипаттарын түсіндіру.</p> <p>"Жанрды ажырат" әуенді-дидактикалық ойыны арқылы ән тыңдап, жанрын ажыратуға үйрету.</p> <p>1. "Сәби қуанышы" (Е. Құсайынов)-көңілді ырғақ.</p> <p>2. "Мерекелік марш" (Б. Дәлденбаев) - жігерлі.</p> <p>"Вальс" (Қ. Шілдебаев) - сабырлы</p> <p>"Баспалдақпен шығамыз" (Е. Тиличеева) жаттығуын жасату.</p> <p>Балаларға "Көлікке мінеміз, орманға барамыз" - деп шеңбермен жүреміз.</p> <p>"Күзгі орман" ертегісін қуыршақ терттры арқылы ойнап, әндерін, қтмылдарын ұсыну.</p>	<p>Балаларды тыңдап, сипаттарын ажыратуға үйрету.</p> <p>Жаттығуды еркін орындайды, үйренеді. Көлікке мініп, шеңбермен жүріп келеді. Ойыншық қуыршақтарды қолына киіп, кейіпкелдердің сөзін қимылмен орындауға талпынады. Жеңіл билеуге үйренеді. Шығарманың ырғағын іштей сезіп, қуана билейді.</p>
Ән үйрену	<p>"Саңырау құлақ тереміз" (Г. Абдрахманова) әнін үйрету.</p>	<p>Балалар текшерелрді дұрыс ажыратуға тырысады.</p>
Әуенді - ырғақты қимыл	<p>"Кел, билейік" (Б. Байқадамов, М. Әлімбаев) Би</p>	

	қимылдарын көрсетіп, үйрету.	
<b>Дидактикалық ойын</b>	"Қасқыр мен қояндар" қойылымын (Ж. Кармен шығармасына үйрету) Текше арқылы жігерлі, көңілді, сабырлы сипаттарын ажырату ойынын ұсынады.	
<b>Рефлексиялық- түзетушілік</b>	Балалардың орманда қандай ән-билерді көрген, үйренгенін сұрайды. Мадақтау, қоштасу.	Балалар кейпкерлерді есіне түсіріп, жауап беруге тырысады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** музыканың ырғағын ажыратуды, музыканы тыңдап кейіпкерлердің әуеніне салып ойнауды.

**Нені игереді:** музыканың динамикалық түрлерін, сипатын ажыратуды

**Нені біледі:** музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды.

Күні: Қазан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Күз байлығы"

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.

Көрнекілік: "Жеміс бағы" суреті, күз жемістері, қоңыраулар.

Сөздік жұмыс: Алма, жүзім, алмұрт, анар, өрік, жіңішке, жуан, орташа.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалармен амандасу, жаттығуын жасап қарсы алу. Ө.Бәйділдаев "Көңілді би" шығармасымен балаларды балаларды қарсы алу, жүгіреді, әртүрлі ырғақты қыймылдар жасап үйрену. - Балалар өткен жолы "күзгі орманға" барып, әртүрлі аңдарды көрдік. Ал бұл жолы біз "Бақша сыйын" тамашалаймыз. "Жеміс бағында" дейтін әдемі өлеңді суреттен оқып көруге шақырамын. - Балалар, жемістер қай кезде піседі? - Қандай жемістерді білесіңдер?	Балалар амандасады. Қыймылдарды қайталап, айтуға тырысады.  Ертегілер еліндегі ойнағандарын естеріне түсіреді  Жемістер жазда, күзде піседі. Алма, алмұрт, жүзім, өрік, сары өрік.
Ұйымдастырушылық-ізденістік Ән тыңдау	"Жеміс бағында" (Ж. Қалжанова) өлеңін "Айгөлек" әніне салып алып. Екінші рет суретке қарап, әнді балаларға қайталап айтуға ұсынады. Енді "Бұл қай кезде болады?" Күз әнін есімізге түсірейік. (Б. Ерзакович, Ш. Ахметов)	Балалар тыңдайды. Суретке қарап көрсетуге, әнді естеріне түсіруге тырысады.
Ән тыңдау Дидактикалық ойын	"Қоңыраулардың дыбысын ажырат" - Айтындаршы, балалар, қандай дыбыс естідіңдер? Балаларға берілген текше арқылы қоңыраулардың түрін, дыбысын ажыратуды түсіндіру.	Балалар берілген дыбыстарды тыңдап, ажыратуға тырысады. Жіңішке-кішкентай қоңырау, орташа - орташалау қоңырау, жуан дыбыс-үлкен қоңырау.
Ән үйрену	"Жаңбыр" (Ә. Телғозиев, Қ. Мүсірепов)	
Әуенді - ырғақты қимыл	"Аңдар биі" (Бизенің "Кармен") шығармасына қойылған. "Кел билейік" биін қайталау.	Балалар қасқыр мен қояндар қимылын жасауға талпынады.
Ойын	"Саусақ сезімін ояту" Дорбаның ішіне: алма, алмұрт, кара өрік, сары өрік салып қою. Балалар қарамай қолымен ұстап сезіну арқылы қандай жеміс екенін табу керек.	Балалар ойынға қатысып, жемістердің атын табу керек.
Рефлексиялық- түзетушілік	- Балалар, бүгін қай мезгілге арналған әнді айттыңдар? - Қандай ойын ойнадыңдар? - Сендер өте жақсы қатыстыңдар.	Күз мезгілінің Қоңыраулардың дыбысын ажырату Балалар қоштасып шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Негіз білу керек: музыканың сабырлы, мұңды, ширақ, сергек сипатын ажыратуды

Негіз игереді: қоңыраудың дыбысын ажыратуды, әнді суретке қарап көрсетіп, есте сақтауды.

Негіз біледі: би қимылдарын ажыратуды, сюжеттік рөлдерде ойнауды

Күні: Қараша

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Атамның киіз үйі "

Білім көздері: Музыка

Мақсаты: әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен танысу.

Көрнекілік: жайлаудың, киіз үйдің суреттері, домбыра аспабы.

Сөздік жұмыс: киіз үй, домбыра, күй.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Балаларды қарсы алып, "Марш" әуеніне жүргізу. Бір,екі, үш, төрт, Аяқты нық басайық.  Бір, екі, үш, төрт, Асулардан асайық,- деп әуен сипатын бере, ырғақты сезіне қозғауларын бақылайды. Балаларға жайлаудың суретін көрсетіп, әңгіме-сұхбат жүргізеді. - Жайлауда не көрдің? - Жайлау қайда болады?	Әуеннің сипатын беруге тырысып, тізелерін нық басып жүреді. Екпіннің тез және жай түрін қимылмен көрсетеді.  Жайлау туралы әңгімеге қосылып, сұрақтарға жауап береді, қызығушылықтары артады.
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	- Дұрыс айтасындар, Жайлау тау қойнауында, табиғаты әсем жерде болады. Атамызды қуантып, Жайлауға біз барамыз. Құлыншақпен шабамыз, Бұған жетер шамамыз,- деп "Құлыншақ әнінің екпінімен құлыншақ шабысын келтіріп жүруді ұсынады. - Міне, атамыздың киіз үйіне де келдік. Қараңдаршы, қандай әдемі! Залға ата киімін киген педагог кіреді. - Амансындар ма, қарақтарым! Жоғары шығындар! Балалардан жайғасып отыруларын сұрайды. Педагог: "Киіз үйде не бар екен, көрейікші" - деп үйдің ішкі жабдығы бейнеленген суретті көрсетеді. Киіз үйдің жабдықтарын, жиіңғаздарын көрсетіп, атап айтуларын сұрайды (сандық, бесік, үстел, сырмақ, қамшы, көрпе т.б.) - Ал мына төрде ілулі тұрған біздің ұлттық аспабымыз-домбыра. Бұл аспап кімнің үйінде бар? Дауысы бар, үні жоқ, Шертсен күйі, әні көп. Құлағын аз бұра, Бұл не? Домбыраның сүйемелдеуімен ән айтады, күй ойнайды. Домбыра ағаштан жасалады. Екі құлағы, ұзын мойыны, шертіп ойнайтын екі ішегі бар. Оң қолмен ішекті қағады, Сол қолмен пернені басады. Халық күйі "Кенес" ұнтаспадан тыңдату. - Домбыраның дауысы қандай? - Домбырада қалай ойнайды? Балалардан қимылмен көрсетуді сұрау. (имитация әдісімен)	"Құлыншаққа отырып" шаттана, шауып шеңбер бойымен жүреді. Екі қолдың жұдырығын түйіп, үзенгіден ұстаған болып, қолдарын алға созады. Тізені серпе көтеріп, жеңіл жүгіреді.  Атамен амандасып, кілемге жайғасып отырады. Киіз үй ішіндегі жиһаздары, заттарды көріп, атап айтуға тырысады.  Домбыра туралы естіп, білгендерін әңгімелейді. Жұмбаққа ойланып жауап береді, шешуін табады. Күйді тыңдауға талпынады.  Домбыраның үні әдемі, сазды. Сол қолдарын соза оң қолымен домбыраны қағып ойнауды көрсетеді.

<p><b>Ән тыңдау</b></p>	<p>"Домбыра сазы" (И. Нүсіпбаев, Х. Талғаров) Балалардың мұқият тыңдауын сұрау. Шығарма туралы әңгімелеу. - Әннің сипаты қандай? (жігерлі, ашық) - Сендерге ән ұнады ма?</p>	<p>Әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылықтарын артады. Композитор И. Нүсіпбаев туралы түсінік беру.</p>
<p><b>Ән үйрену</b></p>	<p>Дауыс жаттығуы: "Домбыра үні" Дығы-дығы, дың-дың Домбырада ойнаймыз. Дығы-дығы, дың-дың Ішектерді қағамыз, Пернелерді басамыз.</p> <p>"Домбыра" Ж. Тұрсынбаев. Әннің сөзін анық айтуды қадағалау, үйрету.</p>	<p>Дауыс жаттығуын бірге жасап, бірге аяқтауға үйренеді.</p>
<p><b>Әуенді - ырғақты қимыл</b></p>	<p>"Киіз үй" Дөңгелене тұрайық, Киіз үйді құрайық,-деп ойынның мәтініне сәйкес қимылдарды көрсету.</p>	<p>Шеңбер бойымен тұрып, ойынға қатысады.</p>
<p><b>Рефлексиялық- түзетушілік</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Атамызға рахмет айтып қоштасайық.</li> <li>- Атаның киіз үйі қандай екен?</li> <li>- Үйінен қандай заттар көрдіндер?</li> <li>- Қандай аспаппен таныстық?</li> <li>- Домбырада қалай ойнайды? сұрақ қоя отырып қорытындылау. Құлыншақтың шабысымен топтарына шығарып салу.</li> </ul>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>"Құлыншак" әуенінің ырғағымен шығып кетеді</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** әуенді соңына дейін тыңдауды, нақышына келтіре айтуды, әуенді ажыратуды

**Нені игереді:** музыканы тыңдап, домбыра аспабымен танысады.

**Нені біледі:** домбыра аспабының үнін ажыратуды, күйді тыңдай білуі. Әнді жеке хормен орындай алуды.

Күні: Қараша

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: " Біздің Алматы"

Білім көздері: Музыка

Мақсаты: әуеннің ырғақ екінін сезіне білуге, салыстыруға әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Өннің көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту.

Көрнекілік: "Алматы" атты сурет көрмесі немесе слайд, троллейбус макеті.

Сөздік жұмыс: Алматы, Алатау, көлік, толлейбус.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Үнтаспада "Алматы" әні орындалып, балаларды қарсы алу. Балалар бүгін біз әсем қала Алматыны аралап қыдырайық.  Гүл жайнаған атырабы Алты қырдан шақырады. Көңілге нұр төккен қала-Алматы, Көктем қала, көркем қала- Алматы.  - Қала өте үлкен, сондықтан көлікке отыруды ұсынамын. Қандай көлікке отырамыз, жұмбақтың жауабын табындар: Дыз-дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді. Өзіне адам мінеді, Ол не, кім біледі?  (Троллейбус)	Балалар әуен ырғағымен кіріп, "Сүйікті Алматы" атты сурет көрмесін немесе слайдты тамашалайды. Алматы туралы білетін тақпақтарын айтады. Қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелейледі.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға троллейбус макетіне жалғастыра қойылған орындықтарға отыруды ұсынамыз. Бәрі: Дыз-дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді. Бип-бип! - Абай даңғылының бойымен жүріп келеміз. Қандай әдемі үйдер! Міне, циркке де келіп жеттік. - Циркте гн көруге болады? Сендерге цирк ұнай ма?	Троллейбустан орын алып, жайғасады. Жүргізуші тағайындалады. Өлең жолдары қайталайды. Суреттерге, слайдка қарап әңгімелеуге, көргендерін айтуға тырысады.
Әуенді - ырғақты қимыл	"Күлдірген" Бидің қимылын көрсетіп, балалардан қайталауы сұралады. - Көліктен орын аламыз. Балаларға троллейбусқа отыруды ұсынады. -Алдымызда Республика сарайы. Мұнда түрлі кештер, концерттер өтеді. Халық келіп ән тыңдайды, демалады. Бізде сүйікті қаламыз туралы ән тыңдайық.	Күлдірген қимылын көрсетіп, шаттанады.  Республика сарайының суретін тамашалайды
Ән тыңдау	"Алматы" (Е. Хасанғалиев, А Асылбек) - Әнде Алматы қаласы туралы не айтылды? -Қала көшелерін аралап, қызықтадық. Енді көңілді әнге кезек берейік.	Әнді тыңдап, түсінген мазмұнын айтады. Ән көңілді, әдемі.

<p><b>Ән үйрену</b></p>	<p><b>Дауыс жаттығуы:</b> Жоғары-төмен Гүз жайнаған бәріміз, Кіреді біздің сәніміз. Әдемі де әуенді, Ән салайық бәріміз. <b>"Біз өмірдің гүліміз"</b> (Б. Ғизатов, Ә. Дүйсенбиев) әнін орындап, ән сипатын ажыратуды, ән мәтінін әңгімелеуді сұрау. Ән ырғағын шапалқпен көрсетіп, әуенге ілесулерін қадағалау. Әннің көңіл күйін бере шаттана, жарқын айтуға машықтандыру.</p>	<p>Дауыс жаттығуын жасайды. Әнге сай қимыл өлғалыс жасайды. Әнді бірге қосылып айтады. Ән ырғағын шапалақпен көрсетіп, әуенен қалыспауға сөздерін есте сақтауға үйренеді.</p>
<p><b>Ойын</b></p>	<p><b>"Жұбыңды тап"</b> ойыны Орыс халық әуені. Ойынды 6,8 жұпқа бөлініп ойнайды. Шығарма бөлімінің ауысуына көңіл бөлуді, әннің бастауы мен аяқталуына сай қимылдарына мін беріп, қадағалау. Көңіліміз көтеріліп, Ойын ойнап, биледік. Қаламыздың көшесінле, Серуендеп көп жүрдік. - Енді троллейбусқа отырып, бақшамызға оралайық-деп көлігімізге отырамыз.</p>	<p>Ұлдар өздеріне жұп таңдап, қыздарды ойынға шақырады.</p>
<p><b>Рефлексиялық- түзетушілік</b></p>	<p>Бақшамызда арайлы, Күн шуағы тарайды. Апайлар мен балалар, Қол бұлғап бізге қарайды.  - Сендерге бүгінгі саяхатымыз ұнады ма? - Қандай көшелермен жүрдік? - Қайда бардық? Нелерді көрдік? Жауаптарын тыңдап балаларды мадақтау. "Менің Алматым" тақырыбына сурет салуға тапсырма беру.</p>	<p>Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, қалаға жасаған саяхатты естеріне түсіреді. Қуана қоштасып шығады</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** ән екпінін сезіну, әнді сипатына сәйкес айту, әуенді таза айта білуі.

**Нені игереді:** музыканы тыңдай отырып, көлікке жүруді, әуенге сәйкес қимыл жасауды, түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды.

**Нені біледі:** сүйікті қаласы туралы, сәулетті жерлерді әңгімелей алады, әнді нақышына келтіре айтады.

Күні: Қараша

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: " Менің Отаным "

Білім көздері: Ән-күй

**Мақсаты:** Балалардың музыкалық шығарманы тыңдау, қабылдау, салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Ән салу шеберлігін дамыту. Әнді ұранышты, мақтаншпен орындауға төселдіру. Отанға, еліне, туған жеріне сүйіспеншілікке, басқа ұлт өкілдеріне сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу. Би жанрларын ажырата білуге талпындыру. Ән арқылы патриоттық сезімдерін дамыту.

**Көрнекілік:** Қазақстан елінің, жерінің көріністері, Алматының суреттері.

**Сөздік жұмыс:** Ұлттар, шөл, көл, төл.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка залына музыка ырғағымен кіреді.  Сәлемдесу.	Бірінің артынан бірі қаз-қатар жүреді Сәлеметсізбе
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Қазақстанның табиғаты, жер байлығы, қорықтары, қалалары туралы әңгімелесу. Басқа ұлттардың мәдениеті, дәстүрі және қол өнерімен таныстыру. <b>Жаңылтпаш:</b> Шөлі, көлі, шөбі, төлі, белі бар. <b>Отан туралы мақал - мәтелдер:</b> Туған жердің күні де ыстық, Түні де ыстық.	Тыңдайды  Қайталайды
Ән тыңдау	"Отан ортақ үйіміз" Д. Ботбаев - Балалар музыканы тыңдаған кезде қандай көңіл күйде болдыңдар? - Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? - Отан неден басталады? Отан - отбасынан, туған үйімізден басталады. Отан - туған, қаладан басталады.  - Кім Отан туралы мақал - мәтел біледі?  Музыка тыңдай отырып балаларға көтеріңкі көңіл күй қалыптастыру қажет. Музыка барасында өз тұратын ауыл-қаласының суреттерін көрсету.	Отан - отбасынан, туған үйімізден басталады. Отан - туған, қаладан басталады.  Отан үшін отқа тұс жанбайсын

<b>Ән айту</b>	"Ұланы еркін елімнің" Т. Қоңыратбай Ән айту ережелерін еске салу. Ән айтылмас бұрын дауысты қалыпқа келтіретін бірнеше жаттығулар жасау. Әнді өзім орындап беремін. - Ән қандай сипатта жазылған? - Ән орындағанда қандай қалыпта отырдыңдар? - Біздің елімізде өмір сүретін қандай басқа ұлттарды білесіңдер? - Достық дегенді қалай түсінесіңдер? - Өскенде кім болғыларың келеді? - Отан қорғауға қалай қарайсыңдар? Ән қалай орындалады?	А-а-а-а балалар дауысын жаттықтырады Тыңдайды  Орыс, неміс, татар, кәріс,  Балалардың жауабы Марш екпінімен
<b>Әуенді қимыл - қозғалыс</b>	"Кел билейік" әніне сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасайды	Қимылды нақты, көтеріңкі көңіл күймен қайталайды
<b>Музыкалық - дидактикалық ойындар</b>	<b>Музыкалық аспапта ойнау:</b> Әнді ұрмалы аспаптармен сүйемелдеу.	
<b>Қорытындылау өзін - өзі бағалау.</b>	Балалардың белсенділігін атап өту, марапаттау, мадақтау.	

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Қазақстанның қорықтарын, қалаларын, байлығын.

**Нені игереді:** Әнді үйренді

**Нені біледі:** Мақал - мәтелдер

Күні: Желтоқсан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: " Қыс келді "

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: Әуен сазын қыс көріністерін естіп білуге, оны қимыл - қозғалыспен бейнелей білуге үйрету. Көңілді әнді әсерлі етіп айтуға дағдыландыру. Музыка үнімен жануарлардың, аңдардың қимыл - қозғалыстарын көрсетуге төселдіру. Әннің ырғағын сақтап, еркін орындауға баулу. балалардың байқампаздық қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік: қыс туралы суреттер, қар түрлі - түсті таспалар, ұлпақарлардың басқа киетін тәждері.

Сөздік жұмыс: ұлпақарлар

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка залына музыка ырғағымен кіреді.  Сәлемдесу.	Бірінің артынан бірі қаз-қатар жүреді Сәлеметсізбе
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Далаға көз жүгіртіп бақылау жасап, табиғаттағы өзгерістер туралы талдау жүргізу. Шаңғы - шана сайла, Конькиіңді байла. Думандатып ойна, Қыс қызығын тойла.	Балалар тыңдайды
Ән тыңдау	"Бұл қай кезде болады?" Қыс Б. Ерзакович . "Қыс қызығы" И. Нүсіпбаев - Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс несімен ұнайды? - Қыста қай мерекені тойлаймыз?	Қыс мезгілі Айнала аппақ қар болады. Жаңа жыл мерекесі
Ән айту	"Ақша қар" К. Қуатбаев <b>Жұмбақ:</b> Аппақ аппақ көбелек, Жерге қонар себелеп. Ақ жұлдызша жылтылдап, Ұстатпайды не керек (Бұл не) - Қыста көбелек болама? - Онда көбелек деп не айтылады <b>Жұмбақ:</b> Жалт - жұлт етеді, Ұстасаң еріп кетеді. - Қыс мезгілінде қандай түс басым	Қар Болмайды Жапалақтап тұрған қарды  Қар Ақ түсті

	<p>болып келеді?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қыста айналаны не басады?</li> <li>- Жер қандай көрпе жамылады?</li> <li>- Ақша қар деген не?</li> <li>- Ақша қар қандай болады?</li> </ul> <p>Ән айтар алдында ережені есте сақтап, дыбысты таза айтуға үйреніндер. Ән орташа екпінде, жеңіл, көңілді орындалады.</p>	<p>Қар Ақ көрпеге Аяз атаның немере қызы Аппақ</p>
<p><i>Әуенді қимыл - қозғалыс</i></p>	<p>"Ұлпақарлар биі" Биді түрлі түсті таспалармен орындайды. Қолдарына жылтыраған қағаз ұстайды.</p>	<p>Қыздар аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шенбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып, тұрған орындарында айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды.</p>
<p><i>Музыкалық - дидактикалық ойындар</i></p>	<p>Ұрмалы аспаптармен әуенге қосылып, бір кезде бастап, ырғақты дұрыс ұстау. Жетекшінің қимылын бақылау, бірдей бастау, бірдей аяқтау.</p>	<p>Музыка ырғағымен аспаптарды ойнайды</p>
<p><i>Қорытындылау өзін - өзі бағалау.</i></p>	<p>Сонымен бүгін жылдың қай мезгілі туралы әңгімеледік? Қандай ән тыңдадық? Ән сендерге ұнады ма?</p>	<p>Қыс мезгілі туралы  Әрине ұнады</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Қыста қандай мереке болатыны туралы

**Нені игереді:** Ұлпақарлар биелерін

**Күні:** Желтоқсан

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** " Қазақстан-кең-байтақ елім "

**Білім көздері:** Өн-күй

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсінік қалыптастыру. Гимн мазмұнын жете түсіндіруге мүмкіндік жасау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимнін, нышандарын қастерлеу, мақтаншпен қабылдау, орындауға баулу. Тыңдаған, орындаған әндерді салыстыра, ажырат білуге жаттықтыру. Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Қазақстан Республикасының рәміздері: Қазақстан Республикасы Президентінің ұлықтау рәсімінен, Қазақстан жері, байлығы туралы көрініс; Гимн, Ту, Герб. Қазақстан Республмкасының Гимні авторларының портреттері.

**Сөздік жұмыс:** Қазақстан, байтақ, рәсім.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Балалар маршпен музыка залына кіреді. Сәлемдесу.	Бірінің артынан бірі қаз-қатар жүреді Сәлеметсізбе
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі, рәміздер тарихы ойынша алғашқы қарапайым түсінік қалыптастыру.	Балалар тыңдайды
<i>Ән тыңдау</i>	" Қазақстан Республикасының гимні " Муыкасын жазған Шәмші Қалдаяқов Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов Нұрсұлтан Назарбаев. Бүкіл әлемге Қазақстан елін паш еткен рәміздердің бірі - осы гимн. Гимнді әрбір Қазақстан азаматы жатқа білуі тиіс. Гимн республикамызда болатын мерекелер мен салтанатты жиналыстардың ашылу және жабылу кезеңінде орындалады.	Балалар қайталайды
<i>Ән айту</i>	"Қазақстан жалауы" Д. Омаров Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіру: Үйренген әнді қайталау. Жаңа әнді орындауға төселдіру. Әнді жалынды, жігерлі орындау керектігін ескерту. Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту.	Әнді қайталау кезінде дауыс жаттығуларын жасайды.
<i>Әуенді қимыл - қозғалыс</i>	"Айгөлек" әніне би билеу. Ән арқылы дене мүшелерін би қимылдарына үйрету. Би қимылдары арқылы дене бітімінің әсем, сұлу болып өсетінін ұғындыру.	Қол мен аяқтары бірге жұмыс жасайды
<i>Музыкалық - дидактикалық ойындар</i>	Психологиялық жаттығу. "Мейірімділік". Балаларды мейірімділікке, достыққа, әдемілікке баулу.	Бір-бірлеріне жылы лебіздер айту
<i>Қорытындылау өзін - өзі бағалау.</i>	Бүгінгі іс-әрекетімізде еліміздің қандай ең басты әнмен таныстық? Бүгінгі іс-әрекетте не үйрендік? Несімен ұнады?, Қандай би биледік? Балаларды мадақтау.	Гимнмен. Айгөлек биін биледік

**Күтілетін нәтиже:**

**Негізгі білу керек:** Қазақстан Республикасының Гимні

**Негізгі игереді:** Айгөлек биін

**Негізгі біледі:** Ту, Герб, Елтаңба

Күні: Желтоқсан

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімдері: «Музыка»

Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында»

Мақсаты: Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындау, көңілді мереке сыйлау « Қыс ертегісінде»

Көрнекі құралдар: Шырша, шам, лента, сәбіз, сыпырғы, шелек.

Сөздік жұмыс: Шырша, Аяз-ата, Қарша-қыз, Аққала, алақай.

Іс-әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық - қозғаушылық</b>	<p>Музыка жетекшісі Қарша қызбен топтарды аралып мерекеге шақырады.</p> <p>Б.Бейсенова «Шырша жыры» әуенімен балалар музыка залына, қолдарына түрлі-түсті жылтырлақтарды ұстап кіреді, шырша айналасына тұрып билейді.</p> <p>Қарша-қыз келіндер-келіндер! Ертегіге өлең айтып, би билеп сыйлық алып көріңдер! деп шыршаға көңілдерін аударады.</p>	<p>Балалар көптен күткен мерекеге сәнді киімдерімен көңілдене келеді.</p> <p>Көңілді ән-ырғағымен, балалар шыршаны айналып жүреді.</p> <p>Қарша қызға қарап, қуаныш сезімдері оянады.</p>
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	<p>Жетекші балалармен шыршаны жағуын сұрайды.</p> <p><b>Қарша-қыз:</b> Шырша-шырша жанағой, шамдарыңды жаға ғой. Балаларға шапалақты қатты ұруын сұрайды. Бір, екі, үш әсем шырша жана ғой!</p> <p><b>Қарша-қыз:</b> Келіндер балалар «Шыршамызға арнаймыз» әнін бәріне силаймыз.</p> <p>Музыкасы: Е. Тимичиева.</p> <p>Сөзін лайықтағын: Г.А. Абдрахманова.</p> <p><b>Қарша-қыз:</b> Балалар ертегілер елінде, қалың орманда «Түлкі мен қояндар» өмір сүріпті.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Түлкі жүгіре енгізіп кіреді.</p> <p>Ор қояндар шығындар ән айтындар, тойландар! деп балаларды ортаға шақырады. Балалардың басына қоян шапкілері кигізіледі.</p> <p><b>Түлкі:</b> Ал қояндар бастандар! «Қояндар мен Қу түлкі»</p> <p>Музыкасы: Г. Финаровский</p> <p>Сөзін лайықтаған: Г.А.Абдрахманова.</p> <p>Соңғы шумағында қояндар қашады, Түлкі қуады жете алмайды.</p> <p>Қояндар тыңдандаршы бізге бір дауыс естіліп жатыр ғой. (есікті қағып Аяз-атаның дауысы алыстан естіледі.)</p> <p>Аяз-ата келіңіз бізге қылық беріңіз!- деп балаларды айтуға шақырады.</p> <p><b>Аяз-ата:</b> Айналайын балалар! Кімде өлең тақпақ бар.</p>	<p>Балалар шыршаға қарап, шырша-шырша жанағой. Шамдарыңды жаға ғой деп қайталап, шапалақтарын қатты қағады.</p> <p>Әсем шырша жана ғой деп сезімдері оянады.</p> <p>Балалар әнді, үлкен әсермен орындайды.</p> <p>Балалар көңілі ертегіге ауады, жайғасып отырады.</p> <p>Қояндар біртіндеп шығып, секіре бастайды.</p> <p>Қарша-қызбен қояндар шеңбермен тұрып, әуенді қимылдармен жасап айтуға талпынады.</p>

**Қарша-қыз**

Сөзін лайықтаған: *Г.А. Абдрахманова.*  
«Билейміз Аяз-атамен» әнін айтып билейміз деп, балаларды шақырады, бірге жүріп ырғақтарды, қимылдарды жасауға талпындырады.

**Қарша-қыз:** Аяз-ата мен сұлу ұлпаларыммен  
«Көңілді ленталар»  
биін билеп берейін, деп қыздарға ленталарды ұсынады, билейді.

**Аяз-ата:** Мен де құр келмей ұлдарыма әкелген сыйым бар. Сандықтарым сикырлы, әсем сазды әні бар. Бұл қай әуен, табындар?

Музыкасы: А.Матмен.

Өңдеген: Р. Рустамова.

Сөзін лайықтаған:

Г.А. Абдрахманова. «Жарық шамдар» музыкасын күйсандықта ойналады. Аяз-ата балаларға риза болып, сандығын ашады, ішінен Жарық шамдарын алып үлестіреді. Аяз-ата: менімен бірге жүріңдер шыршаға жақындайық деп әнді орындауды сұрайды.

**Қаршы-қыз:** Менің дорбамда бір ойыншық қалып қойыпты. Кім ұстап атын айтса, бізде қызық ойын басаталайын деп тұр. Бір баланы шақырады. (Ойыншықтың атын тапқанша, бірнеше баланы шақыруға болады.)

**Қарша-қыз:** Ойлаңдарда ойнаңдар,  
Сөбіз мұрын кімде бар? деп  
Шелек киген басына,  
Айтыңдаршы балалар? деп Жұмбақ-  
жаттығу «Аққала» қимылды әуенімен  
жалғастырады. Әуен ырғағымен Аққала кіріп  
келеді.

**Ақшақар:** Аққала амансың ба!

**Аққала:** Мен осы балалар кеше ғана тұрғызып еді, жалғыз қалдырып қашып кетті. Енді еріп бара жатыр едім, дауысын естіп үлгерді, мүмкін мен бұларға керек емес шығармын?

**Қарша-қыз:** «Аққала»

Әні: Б. Дәлденбай.

Сөзі: Ж. Әбуірәшев. Саған арнап біздің балалар ән айтып береді.

Аққала: Мен сендермен ойнағым келіп тұр, көңілім көтеріліп қалды.

**Қарша-қыз:** Ойнаймыз-ойнаймыз,  
Ойынға біз тоймаймыз!

**Ойын-жарыс** «Аққаланы кім жылдам киіндіреді»

Түлкіден қашады.

Балалар дауысын естіп, шақырады. Аяз-ата келіңіз бізге сильқ беріңіз деп айтады, шақырады. Балалар Аяз-атаны қуана шапалақпен қарсы алады. Әнді қимылдарды көрсетіп орындауға тырысады.

Қыздар ленталарды алып билеуге тырысады.

Балалардың барлығы Аяз-атаның сандықшасынан шыққан әуенді тыңдайды. «Жарық шамдар» әндерін естеріне түсіреді. Балалар қуана шамдарды алып Аяз- ата соңына ереді, әнді айтуға тырысады.

Балалар қызығып дорбаға жақындайды. Бір бала сыртында, ішіненде ұстап айтуға тырысады.

Айтамыз, айтамыз әппақ қардан жасаймыз. Шыдайды ол аязда, көңілді ол аққала деп әндетеді. Балалар белсене Аққаланы тұрғызамыз ғанын айтып, қашпағанын айтып, аққалаға ерексің деп шулайды. Балалар Аққаланы ортаға алып, әнді орындайды.

		Балалар ойынға белсене қатысады.
<b>Рефлексиялық, түзетушілік.</b>	Аяз-ата, Ақшақар, Аққала- Ал балалар, балалар! Сыйлықтарды алыңдар! деп үлестіреді.( тосын си түрінде келтіру) іздеу, адасу, ұрлату, сиқырды әсеріне білдірту. Сендерге келер жылы тағы-да келеміз. Сау-болыңдар! деп мактайды.	Балалар силыққа жақындап, ерекше сезімге бөленіп, рахмет айтады, алады, қоштасады.

**Қорытынды нәтиже:**

**Негізгі білу керек:**Музыка ырғағы арқылы әуендері ажырату, тыңдап еске түсіруді, сөзіне мән беру.

**Қандай түсініктерді игерді:**Музыка ырғағы арқылы лентаны ұстауды, шамдар ұстау, сәбіз, шелек, сыпырғыш.

**Менгерген дағдылары мен іскерліктері:** Ертеңгілікке қойылған билерді еркін орындайды.



Күні: Желтоқсан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: " Қысқы әуен"

Білім көздері: Музыка

Мақсаты: әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.

Көрнекілік: қыс туралы суреттер

Сөздік жұмыс: шаңғы, шана.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шеңбер бойында жеңіл қимылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады. Қыс келді, қыс мұз-қарлы, Қыраулы да ызғарлы. Қыс келді, қыс боранды, Қырат көрпе оранды. Қыс келді, қыс мықты анық. Қайтседе біз ықпадық. Қыс келді, қыс уайым ба, Қандық біздер ойынға.	Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді.  Қыс туралы өлеңді ынтамен тыңдап, өлең туралы түсініктерін жеткізеді.
Ұйымдастырушылық- ізденістік	- Қазір жылдың қай мезгілі? - Өлеңде не туралы айтылған? - Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады? - Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар. - Қыста шаңғы, шанамен ойнайсыңдар. Жақсы. Күн суық, қалың киінесіңдер. Жаман. Бірақ көңілді.	Балалар қыс туралы білгендерінше жауап береді.
Ән тыңдау	Вальс - Музыка көздерінді жұмып отырып тыңдауға болады. Сендер мұндай музыкаға қандай қыймылдар жасағыларың келеді. - Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады.	Балалар алған әсерлерін жеткізуге тырысады.
Ән үйрену	"Қыс қызығы" (И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуов) Әнді музыка жетекшісі орындап береді. - Әнде не туралы айтылған? - Қандай көңіл күйде? Мәтінін әуенге қосылып орындап үйрену.	Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілдерін туралы айтылғанын әңгімелейді.
Ойын	"Қасқыр мен Көжек" музыканы тыңдай отырып, әр аңдарға тән музыканы ажырата білуі. Жеңіл көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу.	музыка әуеніне ілесе отырып, әр аңға тән қыймылдарды жасайды. Жеңіл әуенге көжектер жеңіл секіреді, қасқыр музыкасында қашуға талпынады.
Әуенді - ырғақты қимыл	"Қасқыр мен қояндар" Әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау.	
Рефлексиялық- түзетушілік	- Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік? - Ән сендерге ұнады ма? Қорытындылау, бағалау, марапаттау.	Қорытынды сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: әр аңға тән музыканы ажырата, тани білулері керек.

Нені игереді: қыс қызығы туралы түсініктерді игереді

Нені біледі: музыканы ести отырып, сол музыкаға лайық қимыл жасауды меңгереді

Күні: Қантар

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: Қуыршақ театры "Ақтөс пен Марғау"

Білім көздері: Музыка

Мақсаты: Музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. Дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету.

Көрнекілік: театр сахнасы, қуыршақтар

Сөздік жұмыс: Жаңа жыл

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Музыка жетекшісі балаларды топтарына барып, "Қуыршақ театрын" көруге шақырады. Жетекші балаларды Ертегіші кейіпінде қарсы алады, амандасады. Ертегіші: Балар, бүгін бізге қонаққа Марғау мен Ақтөс келді Олар бір-бірімен келіспей, бір нәрсеге таласып жатқан сияқты. Тыңдап көріндерші. (Қуыршақтың дауысы Ертегіші өзі салып ойнайды) Марғау (мия-мияу, мен айтамын. Ақтөс: Әуіп-әуіп, мен айтамын. Ертегіші: Дауыстарын етіп тұрсындар ма, балалар? Масық Марғау қалай дыбыстайды? Ал Ақтөс ше?	Балалар музыка залына үлкен қуанышпен келеді. Амандасып, орындарына орналасады. Қуаныштарын білдіреді. Баларғау мен Ақтөстің дауыстарын естіп, түсінуге тырысады.  Мияу - жіңішке Әуіп-әуіп - жуан
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	Марғау: Мияу-мияу, мен айтамын. Ақтөс: Мен айтамын, әуіп-әуіп. Ертегіші Ақтөс, Марғау, сендер неге таласып жатырсындар? Ақтөс: "Жасыл шырша жанында" әнін мен айтамын (мұнайған кейіп танытады) Ертегіші: Сендер таласпағндар, әнді бірге айтасындар, ал біз сендерге көмектесеміз. - Балалар, Марғау мен Ақтөс көңілді ме жоқ, көңілсіз бе?	Балалардың эмоциялары өзгереді, қуанады. Әнді айтуға таласып жатыр
<b>Ән тыңдау</b>	"Сәлемет пе Аязата" Ақтөс пен Мағау көңілдене қосылып айтады. Марғау жылайды. Ақтөс: Сен неге жылап отырсың? Марғау: Қазір сен кетіп қалсаң, Түлкі мені алып кетеді. Ақтөс: Онда біз Түлкін алдаймыз. Сен менің үйіме кіріп жат. Ертегіші: Балалар, Түлкі келгенде қалай алдаймыз, көмектесесіндер ме? Түлкі (келеді): Мен Түлкімін, Түлкімін қайда кетті мысығым? Ертегіші: Түлкішек, сен кімді іздеп келдің? Түлкішек: Мен Марғауды Жаңа жылмен құттықтайын деп едім. Ертегіші: Түлкішек, сен бізге өнерінді көрсетсең, біз саған Марғауды тауып береміз. Түлкішек: Сендер маған қандай ән сыйлайсындар? Ертегіші: Біз саған "Жасыл шырша жанында" әнін (К.	Балалар Марғауға мұңая қарайды.  Балалар Түлкіге айтпауға уәде береді. Түлкі қу. Марғауды жасыру керек.  Балалар әнді еске

	<p>Қутабаев, А. Асылбек) тарту етеміз. Түлкішек: Рахмет, достарым! Менің дорбамда сендерге алып келген тапсырмам бар.</p> <p><b>Дауыс жатызуы:</b> "Баспалдақ" Жаттығуды төменнен жоғарыға қарай бастауды түсіндіру. Қолмен төменнен қарай баспалдақпен сермеп бірте-бірте жоғарылай береді. Түлкішек: Мына сандықшаның ішінде түрлі текшелер бар екен, текшелерді сендерге сыйға тартамын., ал сендер шешуін табындар. Түлкі сандықшаны ашып, ойындарды балаларға үлестіреді. - Сендер текшеге қарап, ондағы қимылдарды көрсете аласындар ма? Ертегіші балаларға би қимылдарын музыка сүйемелдеуімен қайталауды ұсынады.</p>	<p>түсіреді.</p> <p>Жаттығуды 2-3 мiрте қайталайды. Балалар текшеге қарап, қолдарымен көрсетіп, айтады.</p> <p>Балалар сандықшадан шыққан түрлі суреттерге қарап, Ертегішімен бірге қайталап билеуге тырысады.</p>
<b>Ойын</b>	<p>"Сөйлейтін бубен" "Шапалақ", "Секіру", "Жұптасу" қимылдарын көрсетуді ұсынады. Дорбаның ішінен тағы да Қасқыр мен Қоянның суреті шығады. Ертегіші балалардың Ж. Бизенің "Қасқыр мен Қоянның" биін қайталап беруін сұрайды. Ертегіші: Түлкі саған көп - көп рахмет. Сенің алып келген тапсырмаларыңды біз жақсы орындадық. Енді біз саған Марғауды тауып береміз, ол үшін екеуің тату болуларың керек,- деп Марғауды шақырып, екеуің татуластарайды, қоштасады.</p>	<p>Ойынды 2 мәрте қайталайды</p> <p>Балалар Қасқырлар мен Қояндарға, Түлкішек пен Марғауға қол бұлғайды.</p>
<b>Рефлексиялық- түзетушілік</b>	<p>- Балалар, сендер өте жақсы қатыстындар, әдемі биледіндер. - Бізге Түлкішек қандай тапсырма әкелді? - Қандай би түрлерін биледіндер? - Балалар, сендерге келесі жолы тағы да қонақтар шақырамын. Сендер үйренген биді, әнді, ойындарды топта, үйде қайталаңдар,-деп балаларды мадақтайды, қоштасады.</p>	<p>Жаттығулар, текшелер алып келеді. Секірдік, шапалақты ырғақпен ұрдық, Вальс ырғағына қимылдық.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** музыка тыңдауды, көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке сипаттарын ажыратуды.

**Нені игереді:** музыканы тыңдай отырып, қуыршақ театры арқылы рөлдерге кейіпкер даусын салып ойнауды.

**Нені біледі:** музыкалық шығармаға би ырғақтарын келтіре билеуді.